

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 108 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 сәуірде № 7-3-125 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 қарашадағы № 785 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 09.11.2016 № 785 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, мүгедектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бөрлі ауданы бойынша жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.
2. Бөрлі ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 277 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7-3-78 нөмірімен тіркелген және 2009 жылғы 29 маусымдағы "Бөрлі жаршысы–Бурлинские вести" газетінің № 49 санда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Сидыққа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*М. Тусупкалиев*